

қорытпасына оның тек спайы ғана еніп тұратындай және оның фарфор тостағанша қабырғасына және термометрге тимей тұратындай етіп ендіреді. Термопара мен термометрді алмай тұрып, Вуд қорытпасын бөлме температурасына дейін салқындатады. Термопараны милливольтметрмен қосады. Фарфор тостағанша астына электр плиткасын қойып, жайлап қыздыра бастайды. Әрбір 5°C сайын милливольтметр көрсеткішін анықтап, оны кестеге түсіріп отырады. Қыздыруды 220°C температураға дейін жалғастырады. Одан кейін плитканы өшіреді және қорытпа салқындауы кезінде әрбір 5 минут сайын милливольтметр көрсеткіштерін жазып алып, кестеге түсіреді. Термопараны калибрлеуді 2-3 рет қайтап жүргізеді. Алынған мәліметтер бойынша әрбір температураға сәйкес келетін милливольтметр көрсеткіштерінің орташа мәндерін анықтайды және қорытынды кесте жасайды.

Термопараны калибрлеу кестесі

$T, ^{\circ}\text{C}$	V, mV	$T, ^{\circ}\text{C}$	V, mV

Сыну көрсеткішін анықтау

Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:

ИРФ-22 рефрактометрі

Күкіртті эфир

Шыны таяқша

Медициналық мақта

Сыну көрсеткіші ИРФ-22 рефрактометрінде анықталады. Сыну көрсеткіші үтірден кейін төртінші белгіге дейінгі дәлдікпен өлшенеді. Бүтін сандар мен үтірден кейінгі бірінші үш санды шкала бойынша алса, ал ондық үлестерді көз жобамен алады. Сыну көрсеткіші температураға тәуелді, сондықтан да өлшеу кезінде температура тұрақты болуы керек (20°C).